2 ТДМ міндеттері

2.1 2030 жылға қарай аштықты жою және барлығына, әсіресе халықтың аз қамтылған және осал топтарына, соның ішінде сәбилерге жыл бойы қауіпсіз, құнарлы және жеткілікті тағамға қол жеткізуді қамтамасыз ету

2.2 2030 жылға қарай тойып тамақтанбаудың барлық нысандарын жою, оның ішінде 2025 жылға қарай бес жасқа дейінгі балалардың өсуінің тежелуімен және арықтауымен күреске қатысты халықаралық деңгейде келісілген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу және жасөспірім қыздардың, жүкті және бала емізетін әйелдер мен қарттардың тамақтану қажеттіліктерін қанағаттандыру

2.3 2030 жылға қарай ауыл шаруашылығының өнімділігін және азық-түліктің ұсақ өндірушілерінің, атап айтқанда әйелдердің, байырғы халықтардың өкілдерінің, фермерлік отбасылық шаруашылықтардың, малшылар мен балықшылардың кірістерін, оның ішінде жерге, ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа да өндірістік ресурстары мен факторларына, білімге, қаржылық қызметтерге, ауыл шаруашылығы емес секторларда қосылған құнды және жұмыспен қамтуды ұлғайту үшін нарықтар мен мүмкіндіктерге кепілді және тең қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы екі еселеу

2.4 2030 жылға қарай тамақ өнімдерін өндірудің орнықты жүйелерін құруды қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін енгізу, олар өміршеңдік пен өнімділікті арттыруға және өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, экожүйелерді сақтауға ықпал етеді, климаттың өзгеруіне, төтенше ауа райы құбылыстарына, құрғақшылыққа, су тасқыны мен басқа да апаттарға бейімделу қабілетін нығайтады және жер мен топырақтың сапасын біртіндеп жақсартады

2.5 2020 жылға қарай тұқымдар мен өсірілетін өсімдіктердің, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен үй жануарларының және олардың тиісті жабайы түрлерінің генетикалық әртүрлілігін, оның ішінде тұқымдар мен өсімдіктердің алуан түрлі банктерін ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде тиісінше ұстау арқылы сақтауды қамтамасыз ету және генетикалық ресурстарға және олармен байланысты дәстүрлі білімге қолжетімділікті кеңейтуге және халықаралық деңгейде келісілген шарттарда оларды қолданудан түсетін пайданы әділ және тең негізде бірлесіп пайдалануға жәрдемдесу

2.a Дамушы елдердің, әсіресе неғұрлым төмен дамыған елдердің ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы әлеуетін нығайту мақсатында, оның ішінде халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы ауыл инфрақұрылымына, ауыл шаруашылығы зерттеулері мен агронасихаттауға, технологияларды дамытуға және өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық банктерін құруға инвестицияларды ұлғайту

2.b Даму мәселелері бойынша Дохалық келіссөздер кезеңінің мандатына сәйкес, атап айтқанда, ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын субсидиялаудың барлық нысандарын және сондай салдарға ие барлық экспорттық шараларды бір мезгілде жою арқылы ауылшаруашылық өнімдерінің әлемдік нарықтарындағы сауда шектеулерінің енгізілуін және бұрмалаушылықтың пайда болуы жою және тоқтату

2.c Азық-түлік тауарлары мен оларды қайта өңдеу өнімдері нарықтарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау және азық-түлік бағаларының шамадан тыс құбылмалылығын шектеуге көмектесу мақсатында нарықтық ақпаратқа, оның ішінде азық-түлік резервтері туралы ақпаратқа уақтылы қол жеткізуге жәрдемдесу

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5, 2.a, 2.c